

Бағдарламаның игілігі көп

2017 жылы «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» қабылданды. Осы бағдарламаға қатысатындар мемлекеттік қолдауға ие болады.

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Нұрлан Байбәкіровпен арадағы әңгіме осы төңіректе өрбиді.

Еңбек нарығы кеңейеді

- Нұрлан Жұмабекұлы, жаңа бағдарлама биылдан бастап енгізілді. Оны ары қарай іске асырудың қандай жолдары бар?

- 2011 жылы жұмыссыздыққа тосқауыл қою мақсатында және дағдарысқа қарсы шара ретінде «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы қабылданғаны бәрімізге мәлім. Үстіміздегі жылдың қаңтарына дейін өзінің міндетін орындаған бағдарлама тоқтатылды.

Елбасының тапсырмасына сәйкес 2016 жылдың аяғында «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдар-

сіби техникалық білім. Бірінші кезекте мектеп бітірген соң орта кәсіптік немесе жоғары оқу орнына түсе алмаған немесе өзін еңбек нарығында таппаған тұрмысы төмен отбасыларда туған балалар қамтамасыз етіледі.

Үміткерлер жоғары сыныптардан бастап анықталады және белгілі бір өлшеммен қабылданады. Оқу мерзімі – 2,5 жыл. Бюджет есебінен жұмсалатын шығынға оқудың төлемі, шәкіртақы және бір реттік тамақтандыру кіреді.

Екінші мамандық алатын азаматтар дуальды білім негізінде қысқа мерзімді курстарда осы бағдарлама аясында тегін оқи алады.

Сабақ колледж, оқу орталықтары, жұмыс берушілердің оқу орталықтарында жүргізіледі.



ауылдың алдында тұрған нақты міндеттердің бірі – жұмыссыздар мен өз-өзін жұмыспен қамтығандарды анықтап, олардың шағын несиесіне қол жеткізуіне мүмкіндік туғызылуы. Ал кәсіпкер

Бұған 29 жасқа дейінгі қолында дипломы бар жастар кәсіпорындар мен ұйымдарға тәжірибе жинақтау мақсатында жіберіледі. Ұзақтығы – 6 ай. Субсидия 25 АЕК негізінде

ұсынады:

- қысқа мерзімді оқу (оқу ақысы мемлекет есебінен төленеді);

- мамандығына сәйкес жұмысқа орналастыру;

- жеке кәсібін ашу үшін шағын несиесіне алуға мүмкіндік.

Егер азамат бұл ұсыныстардан бас тартса, 1 шілдеден бастап енгізілетін ӘМСЖ-не ерікті түрде жарна төлейді.

Кәсіпкер ретінде тіркелген жөн

- Өз-өзін жұмыспен қамтығандар қандай әрекет жасауы тиіс?

- Өз-өзін жұмыспен қамтыған адам жеке кәсіпкер ретінде тіркелгені жөн. Ал ӘМСЖ-не 1 шілдеден бастап жарна төлеу міндеттеледі.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап зейнетақы мен жәрдемақы алатындар үшін ӘМСЖ-не жарна төлеу мемлекет есебінен жүзеге асырылады. Бұл топқа жататындар: «Алтын алқа», «Күміс алқа» төсбелгілерімен марапатталған көпбалалы аналар және «Батыр ана» атағы бар аналар, сонымен қатар, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордені иегерлері,

дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» қабылданды. Біз қазір осы бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында жұмыс істеп жатырмыз. Бұл бағдарламаның ерекшелігі неде дегенге келсек, өз-өзін жұмыспен қамтығандар, жұмыссыздар және кәсіби біліктілігі жетілдірілмеген адамдардың мәселесін төмендегі 3 бағыт бойынша шешеді:

- Біріншіден, сұранысқа ие мамандықтар бойынша дағдыларын қалыптастыру, жаппай оқыту және кәсіпкерлікке бейімдеу; екіншіден, жаппай кәсіпкерлікке бейімдеу үшін жағдай жасау; үшіншіден, еңбекке жарамдылықты қолдау және жұмысқа орналастыру үшін еңбек нарығын дамыту.

Жұмыс берушілердің сұранысы ескеріледі

- Кәсіпті меңгеру үшін қандай жағдай жасалады?

- Дуальды оқыту, яғни, маман жұмыстан қол үзбей жүріп орта кәсіптік немесе жоғары оқу орнында білім алады. Елді мекендерде тұратын жастар 1-ден 6 ай аралығындағы мерзімде модульді курстарда оқиды. Алғашқы бағыт бойынша бірінші кезекте өз кәсібін ашуға немесе азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін сұранысқа ие мамандықтарды оқытуға мүмкіндік беріледі. Бұл бағдарламаның аясында бірінші және екінші мамандықты тегін игеруге мүмкіндік бар. Бірінші мамандық дегеніміз, колледж базасындағы барлығына арналған тегін кә-

сіпкерлік бағдарламасында орталықтарында жүргізіледі. Оқу мерзімі - мамандықтың ерекшелігіне байланысты 1 айдан 6 ай аралығында.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, өз-өзін жұмыспен қамтығандарды, жұмыссыздарды еңбек нарығына қажетті мамандықтарға дайындаймыз.

Осы топқа жататын азаматтарды қабылдау және оқыту Жұмыспен қамту орталықтарында жүргізіледі. Бұл жерде өңірдегі жұмыс берушілердің сұранысы да ескеріледі.

Бағдарламаға қатысушылардың оқу ақысы төленеді, шәкіртақы және жолақымен қамтамасыз етіледі. Ауыл-аймақтарда тұратын азаматтарға жалдамалы пәтер де қарастырылған.

Бағдарламаға қатысушылардың барлығына кәсіби біліктіліктен өткендігі жөнінде сертификат, белгіленген үлгідегі куәлік беріледі.

Несиенің қолжетімділігі артады

- Бағдарламаға қатысушылар шағын несиені қалай қол жеткізеді?

- Жаңа бағдарламаның екінші бағытына қатысқан ауыл және қала тұрғындары ынталандырылады және оларға жағдай туғызылады.

Осы мақсатта төмендегі мәселелер қарастырылған:

Біріншіден, шағын несиенің барлық түрлері мен құрылғыларын біріктіру, яғни, «Бастау-Бизнес» жобасына сәйкес кәсіпкерліктің негізін үйрету ойластырылған. Екіншіден, кәсіпкерлік бастаманы қолдау. Осы орайда

несиенің қол жеткізуіне мүмкіндік туғызу. Ал кәсібі барларға шаруасын кеңейтуге, ауылшаруашылық кооперативтерін құруға көмектесу.

Бағдарламадағы несиенің сомасы 8 мың АЕК шамасында. Мерзімі - 6 пайыз деңгейіндегі несиенің жылдық ставкасын сақтай отырып 7 жылға дейін. Ауылдағы және қаладағы шағын несиелендіру ауыл шаруашылығы қаржылық қорының қолдауымен және шағын қаржы ұйымдарының қатыстырылуымен жүзеге асырылады.

Осы мақсатқа 54,2 млн. теңге бөлінді. «Бастау-Бизнес» бағдарламасына қатысушылар үшін оқу мерзімі - 30 күн. Шағын несиені рәсімдеу үшін міндетті түрде салық заңнамасына сәйкес салық органдарында тіркелуі қажет. Сонымен бірге, кәсіпкерліктің негізін оқығандығы туралы сертификаты да болуы тиіс.

Студенттер де бағдарламаға қатыса алады

- Бағдарламаға қатысушылар кейін қалай жұмысқа орналасады? Осы жөнін нақтылап өтсеңіз...

- Сіздің қойып отырған сұрағыңыз бағдарламаның үшінші бағытына жатады. Биылғы жылы жұмыссыз жүрген 1553 адамды жұмысқа орналастыру біздің жоспарымызда бар. Олар бос орындарға тұрақты жұмысқа орналастырылады.

Соның бірі - Жастар практикасына 80 адамды орналастыру қарастырылған. Осы мақсатқа бюджеттен 27,3 млн. теңге бөлінді.

Субсидия 25 АЕК негізінде төленеді (шамамен 2269 х 25 теңге).

Әлеуметтік жұмыс тобына 180 адам тартылады. Әлеуметтік жұмыс тобы «Тұрғындарды жұмыспен қамту туралы» Заңға сәйкес тек қана жұмыссыздар үшін құрылды.

Қоғамдық жұмысты ұйымдастыру көп жағдайда жастар, әйелдер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған. Жоспарға сәйкес 219 адам жұмыспен қамтамасыз етіледі. Ұзақтығы - 6 ай. 38,9 млн. теңге қаржы бөлінді. Осы бағыттың өзгешелігіне келсек, қысқа мерзімді болғандықтан, жұмыссыздармен қатар студенттер де қатыса алады.

Медициналық сақтандыруға жарна төлеу — әр азаматқа міндет

- Үстіміздегі жылғы 1 шілдеден міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізіледі. Бұл жүйе енгізілген күнде медициналық көмек сақтандырылған азаматтарға ғана көрсетіледі. Сондықтан әр азаматтың мән-бағасы анықталуы керек. Медициналық сақтандыру жүйесіне ай сайын жарна төлеуге мүмкіндігі жоқ азаматтар не істеуі қажет?

- Түсінбестік орын алмас үшін жұмыссыздардың арнайы орынға тіркелгендері жөн. Өзін жұмыссыз ретінде таныстырған адамға жұмыспен қамту бөлімінің қызметкері төмендегідей көмек түрлерін

«даңқы» ордені иегерлері, ҰОС қатысушылары мен мүгедектері, мүгедектер, жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғалар, интернетта оқитын және тәрбиеленетін тұлғалар, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беретін мекемелерде, сонымен қатар, жоғары оқу орнынан кейінгі резидентурда күндізгі оқу түрінде оқитын тұлғалар, бала тууына, бала асырап алуына, 3 жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты демалыста отырған тұлғалар, жұмыс істемейтін жүкті әйелдер, 3 жасқа дейінгі баласын тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін әйелдер, зейнеткерлер, әскери қызметкерлер, арнайы мемлекеттік орган қызметкерлері, құқық қорғау органы қызметкерлері, сот үкімімен жазасын өтеп отырған тұлғалар, қауіпсіздігі төмен мекемелерді қоспағанда, уақытша ұстау және тергеу изоляторларында жатқан тұлғалар.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының кәсіпкерлерге берері мол. Осы уақытқа дейін бизнес ашамын деген азамат мемлекеттік қолдауға ие болғанымен, бағыт-бағдар болмағандықтан, түрлі қиындықтарға тап болатын. Ал жаңа бағдарлама бойынша алдымен кәсібін ашатын адам оқытылып, бизнестің қырсырын жетік меңгерген соң ғана оған қаржы беріледі.

- Уақытыңызды бөліп, әңгімелескеніңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Дария ЕРТАЙҚЫЗЫ